

ӘӨЖ 373.167.1  
КБЖ 20.18Я71  
Д 87

**Байтенова К.К., Жакеева А.А., Попова Е.Н., Саукатова Ш.К.,  
Сейтахметова Ж.М., Уфимцева Л.Л.**  
Редакторы:  
**Кульсеитова Ж.М.**

Д 87 Дүниетану: оқулық (сынама нұсқа). – Астана, 2015. – 96 б.

ISBN 978-601-7417-82-6

ӘӨЖ 373.167.1  
КБЖ 20.18Я71

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015

# Мазмұны

<b>1</b>	<b>Барлығы өзім туралы</b>	5
	Мен кімін?	6
	Менің сүйікті ісім	8
	Күн тәртібі	10
	Жақсы істер қуанышы	12
<b>2</b>	<b>Менің мектебім</b>	15
	Менің мектебім	16
	Мектепке баратын жол	18
	Мектептегі саяхат	20
	Мектеп өмірінің ережелері	22
	Араласып үйренеміз	24
<b>3</b>	<b>Менің отбасым және достарым</b>	27
	Нағыз достар	28
	Отбасылық дәстүрлер	30
	Менің үйім	32
<b>4</b>	<b>Бізді қоршаған әлем</b>	35
	Бағдарлауды үйренеміз	36
	Сұлба және карта	38
	Қала мен ауыл	40
	Ауа райы деген не?	42


<b>5</b>	<b>Саяхат</b>	45
	Алғашқы адам	46
	Ежелгі ата-бабаларымыз	48
	Ұлы қоныс аудару	50
	Уақытқа саяхат	52
<b>6</b>	<b>Дәстүр және фольклор</b>	55
	Мен қазақпын	56
	Қазақстанның рәміздері	58
	Көне жазбалар	60
	Алтын адам туралы аңыз	62
	Өмір ағашы – Бәйтерек	64
<b>7</b>	<b>Тағам және сусындар</b>	67
	Біз қалай тамақтанамыз?	68
	Өзен – тіршілік көзі	70
	Дәмді және пайдалы	72
	Қазақстанда жасалған	74
<b>8</b>	<b>Дене және денсаулық</b>	77
	Денің сау болсын десең	78
	Тазалық – денсаулық кепілі	80
	Үйдегі қауіп-қатер	82
	Айналадағы қауіп-қатер	84
	<b>ГЛОССАРИЙ</b>	90

# 1

## Барлығы өзім туралы

Қане,  
бастайық!

Бұл тарауда біз бір-бірімізбен танысамыз. Өзіміз және достарымыз туралы әңгімелейміз. Күн тәртібін құруды үйренеміз. Жақсы істер қуанышын сезінеміз.



Ойланып көр

- Адамдардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?
- Неліктен күн тәртібін сақтау қажет?
- Бізді бақытты ететін не?

# Мен кіммін?

## Біз

- әр адамның ерекше екенін білеміз
- өзіміз туралы әңгімелей аламыз

## Салыстыр

- Суреттерге қара. Кімдерді көріп тұрсың?
- Суреттегі адамдарды салыстыр.
- Ұқсастығы мен айырмашылығын анықта.



## Тірек сөздер

есім  
ИМЯ  
name

адам  
человек  
human

## Біз қандаймыз?

- Бір-біріңе қара.
- Араларыңда бір-бірінен айнамайтын екі адам бар ма?
- Адамдардың ұқсастығы мен айырмашылығы туралы өз ойларыңды айтыңдар.

Балалар мен үлкендер. Ер адамдар мен әйел адамдар. Барлығымыз адамбыз. Сен – **адамсың**. Бір адам басқа адамға ұқсамайды. Әрбір адам ерекше.

## Кел, анықтайық

Әр адамның өз есімі бар.  
Сенің **есімің** нені білдіреді?



Әр адамның есімі бар.

«Әр есімнің өз  
мағынасы бар», – дейді  
менің атам.

Атамның айтқаны  
дұрыс па? Тексеріп  
көрейік!

**Орындап көр**

Өзің туралы қызықты оқиғаны есіңе  
түсір. Әңгімелеп бер.



Есіңе сақта! Біз бір-бірімізге ұқсамаймыз.  
Әрқайсымыз ерекшеміз. Сондықтан да бізге бірге жүрген қызықты.

# Менің сүйікті ісім

## Біз

- кімнің нені жақсы көретінін білеміз
- таңдау жасауға үйренеміз

## Тірек сөздер

сүйікті іс  
любимое занятие  
hobby



таңдау  
выбор  
choice

## Менің сүйікті ісім

Суреттерді қара. Балалар немен айналысып жатыр?



Сенің сүйікті ісің қандай?  
Әңгіме құрастыр.

Әрқайсымыздың өз **сүйікті ісіміз** бар. Олар бізге қуаныш сыйлайды. Олардың біреуі біздің күшті, епті болуымызға көмектеседі. Басқалары жаңа, қызықты іспен таныстырады.

## Кел, ойнайық!

Сен бос уақытта достарыңмен кездесесің.

Қандай ойынды таңдайсыңдар?

Суреттерге қара.

**Таңдау** жаса.

Неліктен бұл ойынды таңдадың?



## Кел, анықтайық

Сенің достарың  
немен айналысады?



## Сен білесің бе?

Ғалымдар ең танымал  
ойыншықтың жұмсақ  
ойыншық екенін  
дәлелдеді.

## Ойындар

- Бірге ойнауға болатын ойын түрін ата.

Барлық адамдар мерекені жақсы көреді. Мерекесіз өмір сүру көңілсіз болар еді. Адамдар бірге жиналады. Бір-біріне сыйлықтар жасайды, тосын сый әзірлейді. Мереке – бұл қуаныш пен шаттық.

## Көрініс қой

Сыныпта туған күн ұйымдастыр. Оқушылардың біреуін туған күн иесі етіп сайла. Қалған оқушылар қонақтар болады.

Туған күн иелерін қалай қуантуға болатынын ойлан.



# Күн тәртібі

## Біз

- күн тәртібі туралы білеміз
- күн тәртібін құрастыруды үйренеміз

## Әңгіме құрастыр

- Суреттерге мұқият қара.
- Асланның күн тәртібі туралы әңгімеле.
- Ол таңертең, күндіз, кешке не істейді?

## Тірек сөздер

күн тәртібі  
режим дня  
daily schedule



демалыс күні  
выходной день  
weekend



**Күн тәртібі** – бір күнгі істердің дұрыс орындалу реті. Онда әртүрлі істер мен демалыс уақыты дұрыс үйлеседі. Күн тәртібін сақтау барлық адамдар үшін маңызды.



**Орындап көр**

Өз күн тәртібіңді құрастыр.



**Keңес бер**

- Бала неліктен сабақта ұйықтап отыр?
- Балаға қандай кеңес бересің?

**Сен білесің бе?**

Адам дұрыс демалатын және күшін қалпына келтіретін тәсіл – ұйқы. Ұйықтаған кезде бала үнемі өсіп отырады.



**Менің демалыс күнім**

- Демалыс күні Асланның күн тәртібінде не өзгереді?
- Сен өз демалыс күніңді қалай өткізесің?

**Демалыс күнін** алдын ала жоспарлау қажет. Әдетте оны отбасында өткізеді. Бұл күндері адамдар өз сүйікті істерімен айналысады. Шуақты күндері табиғат аясында демалуға болады.



# Жақсы істер қуанышы

## Біз

- өз сезіміміз туралы
- адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынас туралы
- жақсы істердің қуаныш сыйлайтынын білеміз

## Тірек сөздер

ЭМОЦИЯ  
ЭМОЦИИ  
emotions

жақсы істер  
Добрые дела  
good deeds

## Көңіл-күй кемпірқосағы

- Қуанған және мұңайған кездеріңді еске түсір. Қуану, мұңаю – бұл сезім, **эмоция**.
- Суреттерге қара. Қандай жағдайда бізде жағымды эмоция пайда болады?
- Қызықты оқиғалар туралы әңгімеле.




## ? Сен білесің бе?

Барлық тіршілік иелерінің ішінде тек адам ғана күле алады. Ғалымдар осындай жаңалық ашқан.

## Ойлана біл

- Суреттерге қара.
- Жақсы істерді ата.
- Сен қандай **жақсы істер** жасай аласың?



Жақсы істер қуаныш сыйлайды. Олар ұзақ жылдар бойы есте қалады. Жақындарыңа қамқор бол. Достарыңды қолда. Әлсіздерге көмектес. Табиғатты қорға. Жақсы істер адамдарды жақсылыққа жетелейді.

## Сен не үйрендің?

- Сыныптағы оқушылармен таныстың.
- Сүйікті ісің мен қызығушылығың туралы білдің.
- Мектеп ережелерімен таныстың.
- Күн тәртібін құрдың.
- Айналадағы адамдарға қуаныш сыйлайтын істерді таңдауды үйрендің.



## Сен не білдің?

Дұрыс жауаптарды таңда.


- Барлық адамдар бірдей.
- Мереке – бұл қуаныш және шаттық.
- Күн тәртібі тек балалар үшін ғана қажет.
- Жақсы істер қуаныш сыйлайды.

# 2

## Менің мектебім

Қане,  
бастайық!

Бұл тарауда біз мектеп өмірі туралы білетін боламыз.  
Сұлба жасауды және зерттеу жүргізуді үйренеміз.



Мектеп өмірі – өмір мектебі

Ойланып көр

- Сен өз мектебіңнің жасын білесің бе?
- Неліктен жаяу жүргіншілер өтпесін «зебра» деп атайды?
- Досыңмен қалай дұрыс тіл табысасың?

# Менің мектебім

## Біз

- өз мектебіміз туралы
- мектепте кімдердің жұмыс істейтіні туралы білетін боламыз
- кітапхананы пайдалануды үйренеміз

## Суреттерді салыстыр

- Бұл суреттерде не бейнеленген?
- Сен мектепке барып, оқушы болдың. Өміріңде не өзгерді?

## Тірек сөздер

мұғалім  
учитель  
teacher

аспаз  
повар  
cook

кітапханашы  
библиотекарь  
librarian

дәрігер  
врач  
doctor



Біз күнде таңертең мектепке асығамыз. Мектеп – біздің екінші үйіміз. Онда біз білім аламыз және бір-бірімізбен араласамыз. **Мұғалімдер** бізге білім алуға көмектеседі.



## Мектепте кімдер жұмыс істейді?

Суретте кімдер бейнеленген?

Олардың қайсысы мектепте жұмыс істейді?

Олар қандай жұмыс істейді?



Мектепте **аспаздар, кітапханашылар, дәрігерлер** жұмыс істейді. Олардың барлығы бізге оқуға көмектеседі.

### Орындап көр

Кітапханаға кір және бақыла.  
Кітапханашы не істейді?  
Кітапханаға келушілер не істейді?  
Өзіңе үйге кітап ал.  
Бұны қалай істегеніңді әңгімеле.



### Сен білесің бе?

Бұрынғы кезде балалардың көпшілігі мектепте оқи алмаған. Алғашқы мектептердің бірін Ыбырай Алтынсарин ашты.





# Мектепке баратын жол

## Біз

- жол қауіпсіздігі ережелерін білеміз
- үйден мектепке дейінгі жол бағытын жасап үйренеміз

## Менің бағытым

Үйден мектепке дейінгі жолды есіңе түсір. Сен қандай көшеде тұрасың? Өз жүретін жолыңды сипаттап көр.

Жаяу жүретін адамды **жаяу жүргінші** деп атайды.

Ол жолда **қауіпсіздік** ережелерін сақтауы тиіс.

Оның көмекшісі – **бағдаршам**.

## Тірек сөздер

жаяу жүргінші  
пешеход  
pedestrian



қауіпсіздік  
безопасность  
safety

бағдаршам  
светофор  
traffic light



## Абайла, қауіпті!

- Оқушының әрекеті туралы не айта аласың?
- Ол қандай ережені бұзды?
- Ол қандай жағдайға ұшырауы мүмкін еді?

### Кел, анықтайық

Бұл қандай белгілер?  
Олар нені білдіруі мүмкін?



### ►► Ізден

Неліктен жаяу жүргіншілер өтпесін «зебра» деп атайды? Оны басқаша қалай атауға болады?



Жол белгілері жүргізушілерге және жаяу жүргіншілерге көмектеседі. Олар тыйым салады, рұқсат етеді, ескертеді.

### Орындап көр

Үйден мектепке дейінгі бағытыңды сыз.



### ? Сен білесің бе?

Жол адамдар пайда болғанға дейін бар еді. Жануарлар өздеріне қауіпсіз жолды таптап жасаған және сонымен жүрген.

# Мектептегі саяхат

## Біз

- мектепте қандай бөлмелер болатынын білеміз
- оларды өз бетімізбен таба аламыз
- мектептегі кейбір орындарды анықтауды үйренеміз

## Тірек сөздер

кітапхана  
библиотека  
library

асхана  
столовая  
cafeteria

дәрігер бөлмесі  
медицинский  
кабинет  
medical office

## Ерекше оқиға

- Өзіңді суреттегі мектепте жүрмін деп елестет.
- Суреттен көрген бөлмелерді ата.
- Олар не үшін қажет?
- Бұл бөлмелер мектебіңнің қай жерінде орналасқан?



Мектепте көптеген бөлмелер бар. Бұл – **асхана, кітапхана, дәрігер бөлмесі**. Әр бөлме белгілі бір қажетке арналған.

### Кел, анықтайық

- Мектеп сұлбасын ал.
- Өзің тұрған бөлмеге жасыл түсті белгі қой.
- Қызыл түсті белгімен асхананы, кітапхананы, дәрігер бөлмесін белгіле.
- Сұлбадан бұл бөлмелерге баратын қысқа жолдарды тап.
- Бұл бөлмелерге барып, зерттеу жүргіз.
- Сен ол жерге қалай жеттің?
- Нені байқадың?
- Бұл бөлмелер не үшін қажет?



### ? Сен білесің бе?

Дания елінде ерекше мектеп бар. Онда жекелеген бөлмелер жоқ. Барлығы бір үлкен бөлмеде оқиды.



# Мектеп өмірінің ережелері

## Біз

- мектептегі тәртіп ережелері туралы білеміз
- сыныптағы тәртіп ережелерін құрастыруды үйренеміз

## Тірек сөздер

ереже  
правило  
rule

## Тәртіп ережелері

Жұпта талқыла.

- Тәртіп ережелері деген не?
- Тәртіп ережелері не үшін қажет?
- Ереже сақталмаса не болуы мүмкін?

тәртіп  
поведение  
behavior

жауапкершілік  
ответственность  
responsibility



## Үзілісте

- Суреттен оқушылардың қандай әрекетін көріп тұрсың?
- Олардың қайсысы тәртіп ережелерін сақтайды?
- Тағы қандай тәртіп ережелерін білесің?



Мектеп – біздің ортақ үйіміз. Мектептің өз **ережелері** бар. Өз **тәртібің** үшін **жауапты** бол. Сонда мектепте әрқашан тәртіп болады.

### Орындап көр



Сыныптағы бірнеше тәртіп ережелерін құрастыр. Оларды оқушылармен бірге талқыла. Өте маңызды ережелерді таңда.

### Кел, талқылайық

Мұғалім сенен демалыс күні гүл отырғызу үшін мектепке келуіңді сұрады. Сен достарыңмен стадионға баруды жоспарладың. Сен не істер едің?

### Кел, анықтайық

Біз неліктен бір-бірімізді тыңдауға, басқаның сөзін бөлмеуге тиіспіз?



# Араласып үйренеміз


## Біз

- қарым-қатынас дегеннің не екенін және оның не үшін қажет болатынын білеміз
- сыныпта дұрыс қарым-қатынас жасауды үйренеміз

## Тірек сөздер

қарым-қатынас  
общение  
communication

әңгімелесуші  
собеседник  
talker



## Мен араласатын орта

Сызба бойынша әңгімеле. Сен кіммен және не үшін араласасың?

**Қарым-қатынас** – бұл адамдардың әңгімелесуі, кездесуі және бірлесе жұмыс істеуі. Ол – адам өмірінің маңызды бөлігі. Қарым-қатынас адамдардың бірін-бірі түсіне білуіне көмектеседі.





### Дұрыс қарым-қатынас түрлері

- Олар не туралы әңгімелесіп тұр деп ойлайсың?
- Қандай қарым-қатынасты дұрыс деп санайсың?
- Неліктен?

### Сыныптағы қарым-қатынас ережесі

- Әңгімелесушінің сөзін бөлмей, мұқият тыңда.
- «Өтінемін» және «рақмет» сөздерін қолдан.
- Адамды ренжітіп алатын сөздерді қолданба.

### Орындап көр


Сыныптағы  
қарым-қатынас  
ережелеріңді  
ойлап тап.





## Сен не үйрендің?

- Мектеп туралы біліміңді кеңейттің.
- Мектеп қызметкерлерімен таныстың.
- Мектептегі тәртіп ережелерін сақтауды үйрендің.
- Кітапхананы қалай пайдалану керектігін білдің.
- Үйіңнен мектепке дейінгі қауіпсіз бағытты анықтадың.



## Сен не білдің?

Жауаптар дұрыс па? Жауап бер: иә немесе жоқ.

- Мектепте білім аласың.
- Кітапханашы дәрі егеді.
- Егер жаяу келе жатсаң, сен – жаяу жүргіншісің.
- Мектепте асхана, кітапхана, шаштараз бар.
- Әңгіме кезінде әңгімелесушінің сөзін бөлуге болмайды.
- Сабаққа кешігіп келуге болады.

## 3

# Менің отбасым және достарым

**Қане,  
бастайық!**

Адам өміріндегі ең қымбатты жандар – бұл отбасы мүшелері. Отбасы – бұл ата мен әже, әке мен ана, аға мен әпке, іні мен сіңлі. Отбасында барлығы бірін-бірі жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, көмектеседі. Сабақтан кейін өзіміздің жылы, жайлы үйімізге қайтамыз. Үйде бізді әрқашан қуана қарсы алады. Адам үшін нағыз достың болғаны да маңызды. Нағыз дос әрқашан жаныңнан табылады.

**Жақындар мен туыстардың  
жан жылуы**

**Ойланып көр**

- Өз отбасыңның тарихын білесің бе?
- «Нағыз дос» дегенді қалай түсінесің?
- Отбасының қорғаны кім?

# Нағыз достар

## Біз

- достық дегеннің не екенін
- нағыз достардың қандай болуы керек екенін білеміз

## Тірек сөздер

ДОСТЫҚ  
Дружба  
friendship

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ  
интересы  
interests

НАҒЫЗ ДОС  
настоящий друг  
true friend



## Өз ойыңды айт

- Суретке қара.
- Балалардың қарым-қатынасы туралы не айтуға болады?

Достар – бұл жақын адамдар. Олар бос уақыттарын көбінесе бірге өткізеді. Оларда ортақ **қызығушылық** болады. **Нағыз дос** қиналғанда жаныңнан табылады.

## Менің досым

Өз досың туралы әңгімеле. Неліктен оны нағыз дос деп санайсың? Сендерді не қызықтырады?

## Достық туралы мақал-мәтелдер

**Достық** – табылмас байлық.

Жігіт жолдасынан белгілі.

Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.

- Бұл мақал-мәтелдерді қалай түсінесің?
- Достық туралы тағы қандай мақал-мәтел білесің?

**?** Сен білесің бе?

Күнтізбеде

Халықаралық достық күні бар. Ол 30-шілдеде атап өтіледі.



**Орындап көр**

«Достық алақанын» сал және боя. Досыңа тілек жаз. Қандай түстерді қолдандың?



# Отбасылық дәстүрлер

## Біз

- отбасы туралы білетін боламыз
- ұлттық дәстүрлермен және мерекелермен танысамыз
- отбасылық шежірені жасап үйренеміз

## Кел, талқылайық!

- Суретте кімдер бейнеленген?
- Бұл адамдарды біріктіретін не?

**Отбасы** – ең жақын және туыс адамдар.

Әр отбасында жақсы қарым-қатынас болуы өте маңызды. Отбасы мүшелерін **отбасылық дәстүрлер** біріктіреді.



## Тірек сөздер

отбасы  
семья  
family

отбасылық  
шежіре  
родословная  
genealogy

отбасылық  
дәстүрлер  
семейные  
традиции  
family traditions



## Менің отбасым

- Өз отбасың туралы әңгімеле.
- Отбасының үлкені кім?
- Оған отбасы мүшелері қалай қарайды?

## Дәстүрлер

- Бұл дәстүрлердің қайсысы саған таныс?
- Олар қалай аталады?



Әр отбасының өз тарихы бар. Ол сенің отбасыңда да бар. Бұл – сенің ата-әжеңнің, ата-анаңның өткені. Отбасының мұндай тарихын **отбасылық шежіре** деп атайды.



### Сен білесің бе?

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні. Қазақстанда Отбасы күнін қыркүйекте мерекелейді.

### Кел, анықтайық

Ата-анаңнан балалық шағы туралы сұра. Олардан өз ата-аналарына қалай көмектескені туралы біл. Сабақтан бос уақытта қандай ойындар ойнаған екен?

### Орындап көр

Туыстарыңа ашықхат жаса. Бірнеше тілек жаз.



### Ізден

Отбасыңда Наурыз мерекесін қалай өткізеді? Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден қандай ерекшелігі бар?

# Менің үйім

## Біз

- баспана түрлерін білеміз
- өз үйімізді, бөлмемізді сипаттауды үйренеміз

## Бұрынғы және қазіргі баспана

- Суреттен не байқадың?
- **Баспана** түрлерін қолданылған уақытына қарай ретімен ата.
- Бұл үйлердің ұқсастығы мен айырмашылығы қандай?
- Өз үйің туралы әңгімеле.

## Тірек сөздер

баспана  
жилище  
house

жайлылық  
уют  
comfort

киіз үй  
юрта  
yurt



Ертеде қазақтар кең даланы мекендеген. Мал асыраған. Қоныс аударып отырған. Сондықтан олар **киіз үйді** ойлап тапқан. Киіз үй көшуге қолайлы. Ол тез жиналады.



## Сен білесің бе?

Шаңырақ – бұл отбасының белгісі. Ертеде дәстүр бойынша киіз үйдің шаңырағы әкеден балаға қалып отырған.

## ►►► Ізден

Неліктен киіз үйдегі заттар белгілі бір тәртіппен орналасқан?

### Балаға көмектес

Ол портфелін неліктен таба алмай жатыр?



Отбасының барлық мүшелері үйде тазалық және тәртіп сақтайды. Үйдегі **жайлылық** отбасы мүшелеріне байланысты.

### Кел, анықтайық

Үйдің мекенжайы деген не?  
Үйдің мекенжайында қандай мәлімет көрсетіледі?

### Орындап көр

Түрлі-түсті геометриялық фигуралардан үйшік құрастыр.  
Қандай фигура түрлерін қолдандың? Оларды ата және сана.





## Сен не үйрендің?

- Достық, отбасы туралы біліміңді толықтырдың.
- Отбасылық дәстүрді және оның адам өміріндегі маңызын білдің.
- Өз үйің мен бөлмеңді сипаттауды үйрендің.
- Тарихқа саяхат жасап, ертедегі баспана туралы білдің.

## Сен не білдің?

Сұрақтарға жауап бер

- Достық дегеніміз не?
- Кімді нағыз дос деуге болады?
- Отбасы дегеніміз не?
- Қандай отбасылық дәстүрлер бар?
- Үйдің қандай түрлері болады?
- «Үйдегі жайлылық» ұғымы нені білдіреді?



# 4

## Бізді қоршаған әлем

Қане,  
бастайық!

Бұл тарауда картамен және жергілікті жердің сұлбасымен танысамыз. Көкжиек тұстарын анықтау үшін тұсбағдарды қолдануды үйренеміз. Жыл мезгілдерін өздеріне тән белгілері бойынша анықтаймыз. Қала мен ауылдың ерекшеліктерін білеміз.

БІЗДІ ҚОРШАҒАН  
ӘЛЕМ

Ойланып көр

- Тұсбағдарды қалай қолдану қажет?
- Сұлбаның көмегімен жол таба білесің бе?
- Туған жеріңнің ауа райы қандай?

# Бағдарлауды үйренеміз

## Біз

- көкжиек және оның тұстары туралы білетін боламыз
- тұсбағдар көмегімен көкжиек тұстарын анықтауды үйренеміз

## Не байқадың?


- Суретке мұқият қара.
- Суретке ат қой

## Тірек сөздер

көкжиек тұстары  
стороны  
горизонта  
cardinal directions

көкжиек  
горизонт  
horizon

тұсбағдар  
компас  
compass



Көз жеткен жерге дейінгі кеңістік **көкжиек** деп аталады. Көкжиектің төрт **тұсы** бар. Оларды солтүстік (С), оңтүстік (О), батыс (Б), шығыс (Ш) деп белгілейді.

## Тұсбағдар мен сағат

- Бұл заттардың қандай ұқсастығы бар?
- Тұсбағдар мен сағаттың айырмашылығы қандай?



**Тұсбағдар** – көкжиек тұстарын анықтауға арналған құрал. Көк тілі солтүстікті, қызыл тілі оңтүстікті көрсетеді. Тұсбағдарды алыс сапарда адаспау үшін қолданады.

### ❓ Сен білесің бе?

Сүтшөп (латук) – тұсбағдар өсімдігі. Жапырақтарының орналасуына қарай көкжиек тұстарын анықтауға болады.



### Орындап көр

Тұсбағдардың көмегімен мектеп ауласындағы нысандардың қай тұста орналасқанын анықта.



# Сұлба және карта

## Біз

- жергілікті жер сұлбасы мен карта туралы білеміз
- шартты белгілерді қолдануды үйренеміз

## Саяхатшы Арман мен Айша

- Суретте нені көріп тұрсыңдар?
- Балалар не істеп тұр?

**Жергілікті жер сұлбасы** – шағын жер телімінің жоғарыдан қарағандағы сызбасы. Жер бетіндегі нысандарды **шартты белгілермен** көрсетеді. Сұлба саяхатшылар, құрылысшылар үшін қажет.

## Тірек сөздер

жергілікті жер  
сұлбасы  
план местности  
drawing of site

карта  
карта  
map

шартты белгілер  
условные знаки  
conventional signs



## Шартты белгілер

- Шартты белгілер нені білдіреді?
- Шартты белгілердің көмегімен нысандарды тап.

## Карта

- Қазақстанның картасына мұқият қара.
- Жергілікті жер сұлбасынан қандай айырмашылығы бар?
- Картадан өзің тұратын қаланы (ауылды) тап.



**Карта** – жер бетінің қағазға кішірейтіліп салынған сызбасы. Картаның оқу, туристік, ғылыми түрлері болады. Жер телімдерінің кескіні көрсетілген оқу картасын сұлбалы карта деп атайды.



**Мен кімін?**

Мен – Шоқан  
Уәлихановпын.  
Мен көп саяхаттадым  
және саяхат  
жасаған жерлердің  
карталарын жасадым.

**Орындап көр**

Қазақстанның сұлбалы картасын боя.  
Оған өзің тұратын қаланың (ауылдың)  
атауын түсір.



# Қала мен ауыл

## Біз

- қала мен ауылдың ерекшеліктерін білеміз
- қаладағы көрікті жерлермен танысамыз
- өзіміз тұратын жерді сипаттай аламыз

## Тірек сөздер

көрікті жерлер  
Достопримечательности  
sights

ауыл  
село  
village

Қала  
город  
city



## Қала туралы әңгімеле

- Суретке мұқият қара.
- Қала туралы не білесің?

**Қалада** халық саны көп. Онда дүкендер, театрлар, мұражайлар бар. Зауыттарда автомобильдер мен басқа да техника түрлер шығарылады. Киімдер, ойыншықтар және басқа да түрлі тауарлар фабрикаларда жасалады.

## Ауыл туралы әңгімеле

- Суретте не бейнеленген?
- Ауылдық жердің қандай ерекшелігі бар?



**Ауылда** өсімдік түрлерін өсіреді, үй жануарларын асырайды. Алынған өнімдерді дүкендерге жеткізеді. Ауылда ферма, егістік, бау-бақша бар.

Әр қала мен ауылда **көрікті жерлер** бар. Бұл ең әдемі және ерекше жерлер.

### Орындап көр

Өзің тұратын қала, ауыл туралы жарнама ойлап тап.



### Сен білесің бе?

Орал қаласында кеме зауыты бар. Зауытта жасалған кемелер Каспий теңізіне шығарылады.

### Ізден

Өзің тұратын қаладағы (ауылдағы) орталық көше қандай?



# Ауа райы деген не?

## Біз

- жыл мезгілін өзіне тән белгілері бойынша білетін боламыз
- жыл мезгілдерін салыстыруды үйренеміз

## Тірек сөздер

жыл мезгілдері  
времена года  
seasons

ауа райы  
погода  
weather



## Табиғат құбылыстары

- Суретте қандай жыл мезгілдері бейнеленген?
- Жыл мезгілдерін сипатта.

**Жыл мезгілдері** – жылдың төрт кезеңі. Бұл қыс, көктем, жаз және күз. Жылдың әр мезгілі өз **ауа райы** жағдайымен ерекшеленеді.

## Ізден

Балалар жылдың әр мезгілінде қандай ойын ойнайды?

Жазда және күзде доппен жүгіріп, секіріп ойнаған жақсы. Жорыққа шыққан да пайдалы. Қыста шана теуіп, конькимен сырғанау керек. Бұлтты күндері кітап оқып, шахмат ойнап, сурет салған дұрыс.

Ауа температурасы, бұлт, жауын-шашын, жел үйлесуі ауа райы деп аталады. Ауа температурасын термометрмен өлшейді.



**Орындап көр**

Өзің тұратын елді мекенді сипатта. Шартты белгілерді қолдан.



### Сен білесің бе?

Еліміздің аумағы өте үлкен. Қыста бір күнде солтүстік бөлікте  $-20^{\circ}\text{C}$  суық, ал оңтүстікте  $+3^{\circ}\text{C}$  жылы болуы мүмкін.

## Сен не үйрендің?

- Тұсбағдарды қолдануды үйрендің.
- Жергілікті жер сұлбасын жасадың.
- Қаланың және ауылдық жерлердің ерекшеліктерімен таныстың.
- Жергілікті жердің ауа райын бақылауды үйрендің.

## Сен не білдің?

- 1 Көкжиек тұстарын қандай аспаптың көмегімен анықтайды:
  - а) тонометр;
  - ә) термометр;
  - б) тұсбағдар;
  - в) барометр.
- 2 Жыл мезгілдері қандай ретпен орналасады:
  - а) көктем, жаз, күз, қыс;
  - ә) жаз, көктем, қыс, күз;
  - б) көктем, қыс, жаз, күз;
  - в) күз, жаз, көктем, қыс.
- 3 Жергілікті жер сұлбасы – бұл қайдан қарағандағы көрініс:
  - а) төменнен;
  - ә) сол жақтан;
  - б) жоғарыдан;
  - в) бүйірінен.
- 4 Қалада қандай еңбек түрімен айналысады:
  - а) мал өсірумен;
  - ә) егіншілікпен;
  - б) фермерлікпен;
  - в) жабдық өндірумен.
- 5 Ауа температурасын қандай құралмен анықтайды:
  - а) таразы;
  - ә) термометр;
  - б) тұсбағдар;
  - в) сызғыш.
- 6 20 градус жылылық белгісін көрсет:
  - а)  $20^{\circ}\text{C}$ ;
  - ә)  $+2^{\circ}\text{C}$ ;
  - б)  $-20^{\circ}\text{C}$ ;
  - в)  $+20^{\circ}\text{C}$ .




# 5

## Саяхат

Қане,  
бастайық!

Бұл тарауда біз алғашқы адамдардың қай жерде пайда болғанын білеміз. Ежелгі ата-бабамыз – сақтармен және ғұндармен танысамыз. Картамен жұмыс жасауды үйренеміз.



Ойланып көр

- Алғашқы адам қандай болған?
- Сақ ханшайымының есімі кім?
- Адамдар өткен заманда қалай саяхат жасаған?

# Алғашқы адам

## Біз

- ертедегі отбасы туралы білеміз
- алғашқы адамның қандай болғанын және немен айналысқанын білеміз
- алғашқы адамдар орналасқан жерлерді картадан көрсетуді үйренеміз

## Тірек сөздер

ежелгі адамдар  
**Аревные люди**  
 ancient people

үңгір  
**пещера**  
 cave

## Салыстыр

Екі суретті қара.

Айырмашылығы мен ұқсастығын анықта.

Ең алғашқы адамдар жер бетінде өте ертеде пайда болды. Ол Африка еді. Кейіннен адамдар бүкіл жер жүзін қоныстанды.



## Картамен жұмыс

- Өзің білетін жер шары бөліктерін ата.
- Оларды картадан көрсет.
- Картадан Африканы тап.





**Ежелгі адамдар** топтасып өмір сүрді. Әйелдер өсімдік тамырларын, жеміс-жидектерді терді. Ер адамдар аң аулады. Адамдар **үңгірлерді** баспана етті. Бұтақтардан және жануарлардың сүйектерінен баспана жасады.

**Орындап көр**

Ежелгі адамның баспанасын жасап көр. Бұтақтарды, құрғақ шөптерді қолдан.



# Ежелгі ата-бабаларымыз

## Біз

- ежелгі ата-бабаларымыз сақтар туралы білетін боламыз
- сақ ханшайымы Томириспен танысамыз
- өткен мен бүгінгің айырмашылығын түсінеміз

## Тірек сөздер

әскер  
армия  
army

көшпенді халық  
кочевой народ  
nomadic people

бостандық  
свобода  
freedom



## Көшпенді халық

- Суретке мұқият қара. Бұл сақтардың қонысы.
- Суретте берілген адамдардың тіршілігін сипатта.

Сақтар – біздің ежелгі ата-бабаларымыз. Олар бейбіт, **көшпенді халық** болған. Елінің **бостандығын** қалаған. Тәуелсіздіктері үшін күресе білген.




**Мен кімін?**

Мен – Томириспін. Атақты сақтар ханшайымымын. Бес жасымнан атқа міндім. Алты жасымда қолыма қылыш ұстадым.

Сақ ханшайымы Томирис батыл, ержүрек әрі сымбатты еді. Жауыз Кир патша **әскерлерімен** жерімізді басып алмақ болды. Томирис Отанын жаулардан қорғап қалды.

**Екі сұрақ**

Томирис ханшайым туралы 2 сұрақ дайында. Оларды досыңа қой.



**Қатынас көліктері**

- Сақтар қандай көлікпен жол жүрген және жүктерді тасыған?
- Қазіргі кезде қандай көлік түрлері қолданылады?
- Болашақта көлік түрлері қандай болады деп ойлайсың?





# Ұлы қоныс аудару

## Біз

- ғұндар және олардың тіршілігі туралы білетін боламыз
- ғұндардың қоныс аударуы туралы әңгімелей аламыз

## Тірек сөздер

ғұндар  
гунны  
Huns

қоныс аудару  
переселение  
migration



## Ежелгі тайпалар

- Суреттен кімдерді көріп тұрсың? Оларды суретте.
- Олар қай уақытта өмір сүрді деп ойлайсың? Олар немен айналысқан?

Ертеде сақтардан кейін біздің жерімізді **ғұндар** мекендеді. Олар көшпелі өмір сүрді. Жылқы мен қой бақты. Киіз үйлерде тұрды. Ғұндар жақсы әскерлер болған.



## Орындап көр

Ақ бұғы туралы оқиға

- Ақ бұғы туралы оқиғаны тыңда.
- Оқулықтағы мультфильм кадрларын көр.
- Мультфильмді кадрлар бойынша түсіндір.
- Оқиғаны қалай аяқтауға болады?
- Ғұндар керемет жерді көргенде не деп ойлады?



Халық үнемі көшіп отырды, себебі өмір сүру үшін лайықты орын іздеді. Бұндай үдеріс **қоныс аудару** деп аталады.



## Ғұндардың қоныс аударуы

Картадан ғұндардың қоныс аударған жерлерін көрсет.

# Уақытқа саяхат

## Біз

- бұрынғы және қазіргі кезеңнің айырмашылығын анықтаймыз
- ерте замандағы саяхат туралы білеміз
- Астана қаласын сипаттауды үйренеміз

## Талқылай біл

- Суреттерге қара.
- Саяхат туралы әңгімеле.
- Адамдар не үшін саяхаттаған?
- Бұрынғы кезде адамдардың қалай саяхаттағанын әңгімеле.
- Қазір қалай саяхаттайды?

## Тірек сөздер

саяхат  
путешествие  
travel

астана  
столица  
capital city



Адамдар өте ерте кезден саяхатқа шыға бастаған.  
Соғыс уақытында бір жерден екінші жерге көшіп отырған.  
Малдарға азық іздеу үшін жаңа жерлерге қоныстанған.  
Бір елден екінші елге тауар тасыған.

**Саяхат** – әлеммен танысу.

Адамдар саяхат кезінде көптеген қызықты, жаңа мәлімет алады.  
Көрікті жерлермен танысады.

### Салыстыруды үйрен

- Астана қаласының суреттерін мұқият қара және салыстыр.
- Қала қалай өзгерген?
- Астананың қандай көрікті жерлерін білесің?
- Қазақстан картасынан Астананы тап.



Астана – Қазақстанның **астанасы**. Бұл – еліміздегі әдемі қала. Ол Есіл өзенінің жағасында орналасқан. Астанада театрлар, мұражайлар, ескерткіштер көп. Астана жыл сайын жаңарып, көркеюде.

## Сен не үйрендің?

- Алғашқы адамның қандай болғанын және немен айналысқанын білдің.
- Ежелгі адамның баспанасын жасауды үйрендің.
- Ежелгі ата-бабамыз сақтармен және ғұндармен таныстың.
- Ерте заманда адамдардың қалай саяхаттағанын білдің.



## Сен не білдің?

Мына жауаптар дұрыс па? Жауап бер: иә немесе жоқ.


- Алғашқы адам Африкада пайда болды.
- Ертеде адамдар автомобильдермен саяхаттады.
- Сақтар мен ғұндар көшпенділер болған.
- Алматы – Қазақстанның астанасы.

# 6

## Дәстүр және фольклор

Қане,  
бастайық!

Біз бұл тарауда қазақ халқының тарихына қатысты қызықты аңыздармен танысамыз. Халқымыздың дәстүрлері мен мерекелері туралы мәлімет аламыз. Елорданың көрікті жерлері туралы білетін боламыз.



Ойланып көр



- Халқымыздың аңызы бізге не туралы әңгімелейді?
- Неліктен Қазақстанның ұлттық туы көгілдір түсті?
- Қандай мерекелер мен қазақтың дәстүрлерін білесің?



# Мен қазақпын

## Біз

- қазақ халқының тарихымен танысамыз
- өз ата-бабамыздың даналығы мен ерлігі туралы білетін боламыз

## Тірек сөздер

ауыз әдебиеті  
фольклор  
folklore

ерлік  
мужество  
bravery

## Толағай

- Танысып қой, бұл – батыр Толағай.
- Неліктен ол батыр атанды деп ойлайсың?

Аңыздар қазақ **ауыз әдебиетінде** ерекше орын алады. Олар қазақ халқының батырлығы мен **ерлігін** жырлаған. Аңыздардың басты кейіпкерлері – батырлар. Олар біздің Отанымызды сақтап қалды.

### Халық даналығы

«Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы» деген мақалды қалай түсінесің?

Қазіргі кезде қандай ерлік жасауға болады?

Қасым хан – қазақтың ұлы ел билеушісі. Ол билік еткен уақытта қазақ елі басқа халықтарға танымал болды. Еліміздің шекаралары бекіді.

### 3 Сен білесің бе?

Әр халықтың өз ана тілі бар. Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады.

### Мен кімін?

Мен – Қасым ханмын. Мен елімді сүйдім. Қолыма қару алып, Отанымды жаудан қорғадым.



**Орындап көр**

Шетелдік досыңа қазақ халқы туралы әңгімеле.





# Қазақстанның рәміздері

## Біз

- Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білеміз
- тудың маңызын анықтауды үйренеміз

## Тірек сөздер

ту  
флаг  
flag

елтаңба  
герб  
coat of arms

әнұран  
гимн  
anthem

мемлекеттік рәміз  
государственный  
символ  
state symbol



## Суретті қара


- Бұл суреттер қай жерде бірге бейнеленген?
- Олардың әрқайсысы нені білдіреді?

**Ту** ертеде әскери ерлікті білдірген. Туға ерекше құрмет көрсетілген. Қазіргі уақытта ол еліміздің тәуелсіздігін бейнелейді. Қазақстанның туы көгілдір түсті. Көгілдір түс – еліміздегі бейбітшіліктің және тыныштықтың белгісі.



### Кел, анықтайық

Мемлекеттік ту қандай жағдайда биікке көтеріледі?



### Ойлан

«Тусыз бірлік болмайды, қарусыз жігіт болмайды» деген мақалды қалай түсінесің?

Әр елдің мемлекеттік рәміздері болады. Олар – **елтаңба**, **ту** және **әнұран**. Қазақстанның рәміздері мемлекетіміздің тарихы туралы әңгімелейді. Олар еліміздегі барлық адамдарды біріктіреді.



### Сен білесің бе?

Абылай ханның туы ақ түсті болған. Ұлы ханның әскерлері бұл тудың астында жоңғарларға қарсы көптеген жеңістерге жетті.

### Орындап көр

- Өз тобыңның туын жаса.
- Тобыңның туы қандай болады?

# Көне жазбалар

## Біз

- ежелгі жазбалар мен олардың мағынасы туралы білеміз
- өз ойымызды білдіруді үйренеміз

## Тірек сөздер

ақпарат  
информация  
information

жазулар  
письменность  
writing

Ертедегі **ақпарат** беру тәсілдерінің бірі – сурет. Ежелгі адамдар тастарға суреттер салған.



## Кел, анықтайық

Өзіңді сурет салынған үңгірді тапқан ғалымның орнына қойып көр. Ертедегі аңшы бізге не туралы айтқысы келді?



## Ойлан

- Ежелгі адамдар жазуды қайда жазды деп ойлайсың?

Адамдар өте ерте заманда **жазуды** ойлап тапқан.

Жазудың көмегімен өз ойларын жеткізген. Олар жазуды саз тақтайшаларға, қайың қабығына, өңделген теріге жазды.

## Тастағы жазулар

- Суретке қара. Бұл таста не жазылған деп ойлайсың?
- Сурет бойынша сұрақтар құрастыр.

Ертеде Қазақстанның аумағында түркі мемлекеті мекендеді. Ол үлкен және қуатты еді. Түркілердің өз жазуы болды. Бұл туралы біз қолбасшы Күлтегіннің ескерткішінен білеміз.



**Орындап көр**

Сазға немесе ермексазға досыңа арнап хат жаз. Ол үшін кез келген символдарды және математикалық белгілерді қолдан. Досың сенің хатыңды түсінеді ме?



# Алтын адам туралы аңыз

## Біз

- тиынның тарихымен танысамыз
- Алтын адам туралы аңыздың мазмұнын айтуды үйренеміз

## Тірек сөздер

нумизматика  
нумизматика  
numismatics



аңыз  
легенда  
legend

тиын  
монета  
coin

## Заттар

Бұл заттарды не үшін қолданған деп ойлайсың?

Ертеде адамдар ақша орнына бағалы заттарды қолданған.

Кейіннен қолайлы болуы үшін **тиынды** ойлап тапқан.

Тиындар өткен заман туралы сыр шертеді. Ол туралы ғылымды **нумизматика** деп атайды.



Алтын адам тиынының оң бетінде қанатты аттар бейнеленген. Теріс бетінде Алтын адам бейнесі салынған. Алтын адам туралы аңыз тарихта сақталып келді.

## Алтын адам

Ерте заманда сақ тайпасы өмір сүріпті.  
Тайпа көсемінің ұлы болған екен.  
Оны Алтын Айдар деп атапты. Күндердің  
күнінде елге жау шабады. Жас батыр  
туған жерін қорғауға аттанады.  
Алтын Айдар көптеген ерлік жасапты.  
Қайтыс болғаннан кейін батырды алтын  
сауытымен жерлеген екен.

### Сен білесің бе?

Археологтар 1969 жылы Алматы  
маңындағы Есік қорғанынан  
Алтын адамды тапты.


### Сен – Алтын адамсың

Өзіңді ойша Алтын адаммың  
орнына қойып көр. деп  
елестетіп көр.

Достарың қойған сұрақтарға  
жауап бер.

### Орындап көр

Өз тиыныңды ойлап тап. Оның оң  
бетіне нені бейнелер едің?



# Өмір ағашы – Бәйтерек

## Біз

- Бәйтерек туралы аңызбен танысамыз
- Бәйтерек монументін сипаттауды үйренеміз

## Тірек сөздер

монумент  
монумент  
monument

Кең далада зәулім Бәйтерек ағашы өсіпті. Самұрық құс оның ұшар биігіне таңертеңмен алтын жұмыртқа салады екен. Бәйтерек үш дүниені – жерүсті, жерасты, аспан әлемін байланыстырған екен.

## Аңыз

- Бұл аңызды қалай түсіндің?
- Астанадағы монумент неліктен «Бәйтерек» деп аталады?

## Салыстыр

- Суреттерді мұқият қара.
- Оларға сұрақ қой.



Бәйтерек – Астана қаласындағы көрікті жерлердің бірі.

**Монумент** – ежелгі ата-бабамыздың әлем туралы түсінігінің көрінісі. Ғимараттың авторы – әйгілі ағылшын сәулеткері Норман Фостер. Монументтің биіктігі 97 метрді құрайды.

### ►► Ізден

Бәйтеректің төменгі, ортаңғы, жоғарғы бөліктерінде не орналасқан?

### ? Сен білесің бе?

Елордамызда «Астана-Бәйтерек» монументін салу туралы идеяны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынды.





## Сен не үйрендің?

- Отанымыздың өткені туралы аңызбен таныстың.
- Қазақстанның елордасы Астана қаласындағы көрікті жерлерді сипаттауды үйрендің.
- Халқымыздың дәстүрлері мен мерекелерін білдің.



## Сен не білдің?

Жауаптар дұрыс па? Жауап бер: иә немесе жоқ.

- Қазақстанның туы көгілдір түсті.
- Алтын адам Отанын қорғаған.
- Астана – Қазақстанның елордасы.
- Бәйтерек монументі Алматыда орналасқан.

# 7

## Тағам және сусындар

**Қане,  
бастайық!**

Бұл тарауда тағам және сусын түрлерімен танысамыз. Ертеде адамдардың қалай тамақтанғаны туралы білеміз. Қазақстанда қандай тағамдар өндірілетінін анықтаймыз.



**Ойланып көр**

- «Шөл даланың наны» деп нені атайды?
- Денсаулыққа шипалы сусын – қымыз туралы не білесің?
- «ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» деген жазуды қай жерден көрдің?

# Біз қалай тамақтанамыз?


## Біз

- ежелгі және қазіргі тамақтану ерекшеліктерін білеміз
- тағам мен сусын түрлерін ажыратамыз

## Тірек сөздер

тағам  
еда  
food

сусын  
напиток  
drink




## Суреттерді салыстыр

- Алғашқы адамдардың қалай тіршілік еткенін есіңе түсір.
- Ежелгі және қазіргі адамдардың тамақтануында қандай айырмашылықтар бар?

Ертеде адамдар жемістермен, өсімдік тамырларымен қоректенген, жабайы аң етін шикілей азық еткен. Уақыт өте келе адамдар дами бастады. Тамақты отқа пісіруді үйренді. Бұндай тағамның дәмді, пайдалы екенін түсінді.

## Тағам және сусын

- Суреттерден тағамдарды тап.
- Сусындарды көрсет.
- Қандай тағам мен сусынды жақсы көресің?



**Тағам** және **сусын** адамның тіршілік етуі үшін қажет. Олар күш береді және шөлді қандырады. Дастарқанда күнделікті көкөніс, жеміс, ет тұрады. Тағамның алуан түрлі болуы денсаулыққа пайдалы.

### Орындап көр

- Дастарқан жаса.
- Достарыңды қонаққа шақыр.



### ? Сен білесің бе?

Бие сүтінен шипалы сусын – қымыз алынады. Қымыздың отаны – Қазақстан.

# Өзен – тіршілік көзі

## Біз

- Месопотамия өркениеті туралы білетін боламыз
- өзеннің адам өмірінде қандай рөл атқарғанын анықтаймыз

## Анықта

Месопотамия тұрғындары қандай тағаммен қоректенген?



## Ежелгі Месопотамия

- Картаны мұқият қара.
- Месопотамия орналасқан жердің ерекшелігі неде?
- Халық неліктен өзен маңын мекендейді деп ойлайсың?

Месопотамия – таңғажайып жер. Ол Тигр және Евфрат өзендерінің ортасында орналасқан. Өзен маңындағы жер өте **құнарлы** болған. Ежелгі **өркениет** осы жерден басталған.


## Тірек сөздер

өркениет  
цивилизация  
civilization

құнарлы жер  
плодородная  
земля  
fertile land

егін шаруашылығы  
земледелие  
agriculture

Месопотамия халқы **егін шаруашылығымен** айналысқан. Олардың негізгі тағам түрі нан болған. Нанды әр үйде пісірген. Тамаққа жемістерді және көкөністерді пайдаланған. Жармалардан ботқа жасаған.



### Сен қандай ботқаны жақсы көресің?

- Суретке қара.
- Ботқаның пайдасы туралы әңгімеле.
- Сенің отбасыңда ботқаны қалай дайындайды?

### Сен білесің бе?

Құрма ертеде шөл даланың наны аталған. Саяхатшылар өздерімен саяхатқа құрма алып шыққан.



### Орындап көр



Әртүрлі дақылдардың көмегімен композиция жаса.

# Дәмді және пайдалы

Тірек сөздер

жаңғақ  
орех  
nut

Біз

- қалай дұрыс тамақтану керектігін білеміз
- қонақжайлылық – татулық пен бірліктің бастауы екенін түсінеміз
- дұрыс тамақтану ережесін құрастырамыз



## Виллиге көмектес

«Менің атым Вилли. Мен Месопотамияда тұрамын. Менің үнемі ішім ауырады. Анам мұның себебі **дұрыс тамақтанбаудан** дейді. Мен сендердің көмектеріңе сүйенгім келеді».

- Виллиге қалай көмектесуге болады?
- Дұрыс тамақтану туралы не білесіңдер?

Адам пайдалы тағамдармен тамақтануы керек. Күнделікті тамаққа ет, сары май, нан, жарма, жеміс-жидектер қолдану қажет. Тамақтардың зиянды түрлері де болады. Олар денсаулыққа зиян тигізеді.

дұрыс тамақтану  
правильное  
питание  
healthy diet

ұлттық тағам  
национальное  
блюдо  
national dish



## Қонақжайлылық

Суретке мұқият қара.

Қандай ұлт өкілдерін көріп тұрсың?

Қазақстанда әртүрлі ұлт өкілдері тұрады. Біз барлығымыз татумыз. Бір-бірімізге қонаққа барамыз. Қонақтарға дәмді және пайдалы **ұлттық тағамдар** ұсынамыз.



**Орындап көр**



Тамақтану ережесін құрастыр.



**Сен білесің бе?**

Адамның миына **жаңғақтың** барлық түрі пайдалы. Жаңғақ есте сақтау қабілетін жақсартады.



# Қазақстанда жасалған

## Біз

- еліміздің негізгі тағам өнімдері туралы білеміз
- Қазақстан картасының көмегімен сұрақтарға жауап беруді үйренеміз

## Тірек сөздер

өндіріс  
производство  
production

өнім  
продукция  
product



## Тағам өнімдерінің түрлері

- Қазақстанда жасалған қандай тағам түрлерін білесің?
- Картаға қара. Еліміздің қай аймағында қандай тағам өндіріледі?

Қазақстанда тағам **өндірісі** жақсы дамыған. Егін шаруашылығы маңызды рөл атқарады. Бидай ұнынан нан, тоқаш, торт жасалады. Бұдан басқа ет және сүт **өнімдерінің** түрлері көп.

## **Ас дастарқанға қалам**

– Әже, ас дастарқанға қалам қаламын.

– Балам, ас дастарқанға қалам қаламайсың.

Әжесі мен немересі ас дастарқанға қалам қалайды.


## **Мақал-мәтел**

«Еңбегің қатты болса

мақалдың мағынасын біл

## Сен не үйрендің?

- Ежелгі адамдардың қалай тамақтанғаны туралы білдің.
- Тағамдардың пайдалы және зиянды түрлерін анықтадың.
- Өзенді неліктен тіршілік көзі деп атайтынын түсіндің.
- Қазақстанда өсімдік және мал өнімдерінің өндірілетінін білдің.



## Сен не білдің?

Сұрақтарға жауап бер:

- Ежелгі адамдар қалай тамақтанған?
- Алғашқы өркениет қалай аталды?
- Қазақстанда қандай тағам түрлері өндіріледі?
- Ежелгі Месопотамиядағы өзендер қалай аталады?

# 8

## Дене және денсаулық

**Қане,  
бастайық!**

Бұл тарауда денсаулық дегеніміздің не екенін және оны қалай сақтау керектігін білеміз. Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйренеміз.



Денсаулық – өмір қуанышы.

**Ойланып көр**

- Адамның дене мүшелері қалай орналасқан?
- Мысырлықтар тіс щеткасын неден жасаған?
- Құтқару қызметінің телефон нөмірі қандай?

# Денің сау болсын десең

## Біз

- дәрігерге қаралу денсаулық сақтау үшін маңызды екенін түсінеміз
- дене мүшелерін ажыратамыз
- денсаулықты нығайту үшін жаттығу жасауды үйренеміз

## Біздің ұқсастығымыз неде?

- Бір-біріңді бақылаңдар.
- Дене мүшелерін ата.
- Суретті қара.

## Тірек сөздер

Дене мүшелері  
части тела  
parts of the body

Денсаулық  
здоровье  
health

Дене шынықтыру  
жаттығулары  
физические  
упражнения  
physical exercises



Барлық **дене мүшелері** әртүрлі қызмет атқарады. Олардың көмегімен біз сөйлейміз, жахамыз, жүгіреміз және ойнаймыз.



**Денсаулық** – табиғат сыйы. Оны күту қажет. Адам денсаулығын күтпесе, ауырып қалуы мүмкін. Сауығып кетуге дәрігерлер көмектеседі.

### Диалог

Сәуленің тамағы ауырды. Ол дәрігердің қабылдауына келді.

Сәуле мен дәрігер арасындағы диалогты құр.



Дене шынықтыру жаттығулары денсаулық үшін маңызды. Олар ағзаны нығайтады. Епті және күшті болуымызға көмектеседі.

### Орындап көр

Дене мүшелеріне арналған жаттығу ойлап тап және орында.



### Сен білесің бе?

Жаттығу жасауға ең қолайлы уақыт – бұл түстен кейінгі уақыт. Олимпиадалық рекордтардың көбісі осы уақытта анықталған.

# Тазалық – денсаулық кепілі

## Біз

- денсаулық және жеке бас гигиенасы туралы білеміз
- жеке бас гигиенасы ережесін сақтауға үйренеміз

## Тірек сөздер

гигиена  
гигиена  
hygiene

тазалық  
ЧИСТОТА  
cleanliness

Денсаулық  
здоровье  
health

## Суреттерді салыстыр

- Балалар туралы не айта аласың?
- Тазалық сақтау неліктен маңызды?
- Ол үшін не істеу қажет?



Әдемі және сау болғың келеді ме? Өзіңді күт, гигиена сақта.

**Гигиена** – бұл денені және киімді **таза** ұстау. Гигиена ережелерін сақтау денсаулықты сақтауға көмектеседі.

## Гигиена ережелері

- Суреттерге қарап, жеке бас гигиенасының ережелерін құрастыр.
- Ол ережелерді досыңа айтып бер.



Әр адамның жеке бас тазалығына арналған заттары болуы тиіс. Бұл тіс щеткасы, тарақ және сүлгі. Өз киіміңді таза ұста. Ұқыптылық денсаулықты сақтауға көмектеседі және айналадағы адамдарға деген құрметті білдіреді.

### ❓ Сен білесің бе?

Ежелгі мысырлықтар ауыз қуысының гигиенасы туралы ойланған. Олар тіс щеткасының ұштарын шашақталған ағаш бұтақтарынан жасаған.

### Орындап көр

Ежелгі мысырлықтар сияқты тіс щеткасын жасап көр.





# Үйдегі қауіп-қатер

## Біз

- үйдегі қауіпсіздік ережелері туралы білеміз
- үйдегі қауіпті жерлерді анықтауды және қауіпсіздік ережелерін құрастыруды үйренеміз

## Абайла, қауіпті!

Суретке қара.

Үйде қандай жерлер мен тұрмыстық заттар қауіпті?

**Жазым жағдай** үйде де болуы мүмкін. Абай бол!

Үйде қауіпсіздік ережелерін сақта.

## Тірек сөздер

қауіп-қатер  
опасность  
danger

жазым жағдай  
несчастный случай  
accident



**Сұрақтар ойлап тап.**  
Суретке қара. Досыңа сұрақ қой.



Үйде тәртіп сақта. Үйдегі тәртіп жайлылық үшін ғана емес, қауіпсіздік үшін де қажет.

### Орындап көр

Үйдегі қауіпсіздік ережесін құрастыр. Мына сөздерді қолдан: «сіріңке», «газ», «дәрі», «үтік», «пышақ», «терезе алды».

### ? Сен білесің бе?

Өрт болғанда бірден 101 нөмірін тер. Кез келген уақытта көмекке келетін Жедел жәрдем қызметі –103.

**Қауіп-қатер** пайда болғанда үлкендерді көмекке шақыр!

# Айналадағы қауіп-қатер

## Біз

- көшедегі және суайдындағы қауіп-қатер туралы білеміз
- қауіпті жағдайда дұрыс әрекет жасауды үйренеміз

## Тірек сөздер

қоршаған орта  
окружающий мир  
environment

суайдын  
водоем  
water

## Ойлан және жауап бер

- Суретке қара.
- Бұл оқиғаларды түсіндір.
- Суретке тақырып қой.

құтқару қызметі  
служба спасения  
rescue service



**Қоршаған әлем** өте әдемі және қызықты.  
Бірақ ол әртүрлі қауіптерге толы.  
Оларды болдырмауды үйрен.

## Ереже

- Қауіпсіздік ережелерін құрастыр.
- Оны досыңа түсіндір.

Қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды.

Таныс емес адаммен сөйлеспе.

Балалар алаңында ғана ойна. Үлкендерсіз

**суайдында** шомылма. Суайдын қауіпті болуы мүмкін.

## ? Сен білесің бе?

Елімізде **құтқару қызметі** бар. Оның нөмірі – 112. Көмек қажет болғанда, осы нөмірге хабарлас.



## Орындап көр

- Қауіпсіздік туралы ескерту белгілерін жаса.
- Оларға ат қой.
- Оларды «мектеп – үй» бағыты бойынша орналастыр.

## Сен не үйрендің?

- Адамның дене мүшелерін ажыратуды үйрендің.
- Денсаулық және жеке бас гигиенасы туралы білдің.
- Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрендің.
- Өз қауіпсіздік ережеңді құрастырдың.



## Сен не білдің?

Мына жауаптар дұрыс па? Жауап бер: иә немесе жоқ.

- Бас, қол және аяқ – бұл адамның дене мүшелері.
- Құлақты жуу міндетті емес.
- Жаттығуды күнде жасамауға болады.
- Тісті күніне екі рет тазалау қажет.
- Суға үлкендердің бақылауынсыз шомылуға болады.
- Электр аспаптарын қосұлы күйінде қалдыруға болмайды.

# Қазақстанның рәміздері

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы



## Қазақстан Республикасының елтаңбасы



### Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны

#### Сөзін жазған:

Жүмекен Нәжімеденов,  
Нұрсұлтан Назарбаев

#### Әнін жазған:

Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

#### Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай,  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай!

#### Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

## «Өзіңді тексер» қорытынды тексеру тесті

1. Күн тәртібін сақтау:
  - а) жақсы оқуға кедергі келтіреді;
  - ә) денсаулықты нығайтуға көмектеседі;
  - б) бір күн ішінде орындалатын істерді дұрыс жоспарлауға көмектеседі.
2. Қоғамдық көлікте өзіңді қалай ұстау қажет:
  - а) ұстағыштан ұстау, көліктен шығуға алдын ала дайындалу;
  - ә) терезеден басыңды шығару, кіре берісте жолаушылардың кіруіне кедергі келтіру;
  - б) шулап, қатты сөйлесу, үлкендерге орын бермеу.
3. Қазақ отбасының нышаны. Дәстүр бойынша әкесінен баласына беріліп отырған:
  - а) босаға;
  - ә) кереге;
  - б) шаңырақ.
4. «Ағаш тамырымен, ал адам .....» мақалын аяқтаңыз:
  - а) достарымен;
  - ә) ақшасымен;
  - б) жұдырығымен.
5. Көкжиек тұстарын ата:
  - а) оң жақ, сол жақ;
  - ә) солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс;
  - б) Еуропа, Азия, Африка, Америка.
6. Кеме жасайтын зауыт қай қалада орналасқан:
  - а) Астана;
  - ә) Орал;
  - б) Қарағанды.
7. Белгілі бір жердегі атмосфераның жай-күйі:
  - а) жауын-шашын;
  - ә) климат;
  - б) ауа райы.

8. Алғашқы адамдар қайда тұрған:
  - а) киіз үйде;
  - ә) үңгірлерде;
  - б) қамалда.
9. Сақ ханшайымының есімі қандай:
  - а) Тамара;
  - ә) Томирис;
  - б) Елизавета.
10. Қоныс аудару деген не?
  - а) тәртіп нормалары;
  - ә) адамдардың басқа жерге орын ауыстыруы;
  - б) велосипедпен саяхаттау.
11. Заңдар жинағын жасаған қазақтың ұлы ел билеушісі:
  - а) Қасым хан;
  - ә) Жәнібек;
  - б) Жәңгір.
12. Еліміздің туында не бейнеленген:
  - а) жылқы, шаңырақ, жұлдыз;
  - ә) бидай масақтары, «Бәйтерек»;
  - б) қыран құс, күн, ою.
13. «Бәйтерек» монументінің биіктігі қандай:
  - а) 100 метр;
  - ә) 97 метр;
  - б) 79 метр.
14. Алғашқы өркениет қай жерде пайда болды:
  - а) Солтүстік Африкада;
  - ә) Батыс Еуропада;
  - б) Месопотамияда.
15. Жеке бас гигиенасына арналған заттар:
  - а) тіс щёткасы, тарақ, орамал;
  - ә) қалам, қарындаш, дәптер;
  - б) доп, секіргіш, асық.



# ГЛОССАРИЙ

<b>Адам</b>	ойлай және сөйлей алатын тіршілік иесі
<b>Ақпарат</b>	белгілі бір жерде болған істердің, бір нәрсенің жай-күйі туралы деректер мен мәліметтер
<b>Аңыз</b>	ойдан шығарылған оқиға, тарихи оқиға туралы әңгіме
<b>Аспаз</b>	тағам дайындаумен айналысатын маман
<b>Астана</b>	мемлекеттің басты қаласы
<b>Асхана</b>	тамақтануға арналған арнайы бөлме жай
<b>Ауа райы</b>	белгілі бір жердегі атмосфераның жай-күйі
<b>Ауыл</b>	егістік, бау-бақша өсірілетін, үй жануарлары бағылатын елді мекен
<b>Әнұран</b>	мемлекеттің салтанатты әні - рәмізі
<b>Әңгімелесуші</b>	сұхбатқа қатысатын адам
<b>Әскер</b>	елдің қорғаныс күштері, отан қорғаушылар
<b>Бағдаршам</b>	көшеде, жолдарда қозғалысты реттеуге арналған сигнал құрылғысы
<b>Баспана</b>	жер үй, киіз үй, пәтер т.б. сияқты адам тұратын үй-жай
<b>Гигиена</b>	дене мен киімді таза ұстау

<b>Ғұндар</b>	1) өткен заманда өмір сүрген көшпенді тайпа (халық); 2) ертеде біздің жерімізді сақтардан кейін мекен еткен халық
<b>Дәрігер</b>	адамдарды емдейтін маман
<b>Демалыс күні</b>	оқудан және жұмыстан бос уақыт
<b>Дене мүшелері</b>	адам денесін құрайтын мүшелер: қол, аяқ, бас, кеуде, іш және т.б.
<b>Дене шынықтыру жаттығулары</b>	денені дамытуға арналған қозғалыс қимылдары
<b>Денсаулық</b>	ағзаның барлық органдары дұрыс әрі жақсы жұмыс істейтін жай-күйі
<b>Достық</b>	адамдардың бір-біріне адал, қызығушылықтарының ортақ болуына негізделген жақын қарым-қатынасы
<b>Дұрыс тамақтану</b>	денсаулықты сақтауға және нығайтуға қажетті тамақтану тәртібі
<b>Егін шаруашылығы</b>	егін өсірумен айналысатын сала, егін егу кәсібі
<b>Ежелгі адамдар</b>	жер бетінде алғаш пайда болған адамдар
<b>Ереже</b>	қоғамдық тәртіп нормасы, іс-әрекеттер жүйесі
<b>Елтаңба</b>	мемлекеттің рәмізі, ол туда, мөрде, теңгелерде бейнеленеді
<b>Еркіндік</b>	өз еркін білдіру мүмкіндігі, шектеудің болмауы
<b>Ерлік</b>	батырлық
<b>Есім</b>	адамға туылғанда берілетін ат

<b>Жазу</b>	графикалық белгілердің көмегімен ақпарат беру тәсілі
<b>Жазым жағдай</b>	адамдар немесе жануарлар жарақат алатын күтпеген оқиға
<b>Жайлылық</b>	үйдегі тазалық, тәртіп және ерекше атмосфера
<b>Жақсы істер</b>	адамдардың және қоршаған ортаның игілігіне бағытталған істер
<b>Жаңғақ</b>	жаңғақ тұқымдасына жататын қос жарнақты көпжылдық ағаш
<b>Жауапкершілік</b>	өз ісі және әрекеттері үшін жауап беру міндеті
<b>Жаяу жүргінші</b>	жаяу келе жатқан адам
<b>Жергілікті жердің сұлбасы</b>	шағын учаскенің, елді мекеннің сызбасы
<b>Жыл мезгілдері</b>	табиғаттағы маусым өзгерісіне байланысты жылдың кезеңдерге бөлінуі
<b>Карта</b>	жер бетінің кішірейтіліп жасалған суреті
<b>Киіз үй</b>	көшпенді халықтың тасымалданатын баспанасы
<b>Көкжиек</b>	айналадағы көзге көрінетін кеңістік
<b>Көкжиек тұстары</b>	солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс
<b>Көрікті жерлер</b>	елді мекендегі ең көрікті және ерекше жерлер
<b>Көшпенді халық</b>	мал бағу үшін дәстүрлі бағыт бойынша бір жерден екінші жерге тұрақты түрде көшіп отыратын адамдар
<b>Күн тәртібі</b>	бір күнгі істердің дұрыс орындалу реті

<b>Кітапхана</b>	кітаптар, журналдар мен газеттер сақталатын және оқуға берілетін орын
<b>Кітапханашы</b>	ресурстарды пайдалануға көмектесетін кітапхана қызметкері
<b>Қала</b>	ірі елді мекен
<b>Қарым-қатынас</b>	адамдар арасындағы ақпарат алмасу, олардың әңгімелесуі, кездесулері мен бірлескен істері
<b>Қауіп-қатер</b>	қайсыбір жаман нәрсенің туындау жағдайы
<b>Қауіпсіздік</b>	қауіптен қорғанушылық
<b>Қоныс аудару</b>	адамдардың басқа жерге орын ауыстыруы
<b>Қоршаған әлем</b>	табиғат жағдайларын, басқа да адамдарды және т.б. қоса алғанда адамды қоршаған орта
<b>Құнарлы жер</b>	бидай, күріш, көкөніс, жеміс және т.б. өсіруге жарамды жер
<b>Құтқару қызметі</b>	кәсіби құтқару қызметі
<b>Қызығушылық</b>	бір нәрсеге ерекше назар аудару, бір нәрсені білуге деген құштарлық
<b>Медициналық бөлме, дәрігер бөлмесі</b>	дәрігердің мекемедегі медициналық кабинеті
<b>Мемлекеттік рәміздер</b>	мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін символикалық айырым белгілері
<b>Монумент</b>	тарихи қайраткердің немесе оқиғаның құрметіне жасалған ескерткіш

<b>Мұғалім</b>	мектепте сабақ беретін маман
<b>Нағыз дос</b>	қиын сәтте қол ұшын беретін және көмектесетін адам
<b>Нумизматика</b>	тиын, құйма ақша кесектері арқылы тиын соғу, ақша тарихын зерттейтін ғылым
<b>Отбасы</b>	бірге тұрып жатқан жақын туыстар тобы
<b>Отбасылық дәстүр</b>	ұрпақтан-ұрпаққа берілген дәстүр, тәртіп, өзін-өзі ұстау ережелері
<b>Отбасылық шежіре</b>	отбасы тарихы, бір текті ұрпақтардың тізбесі
<b>Өндіріс</b>	тұтынуға қажетті материалдық игіліктерді жасап шығаратын өнеркәсіп саласы
<b>Өнім</b>	белгілі бір кәсіпорында өндірілетін барлық заттар мен өнімдер
<b>Өркениет</b>	қоғамның даму деңгейі, мәдениет
<b>Саяхат</b>	әдетте өз тұрақты тұрған жерінен алысқа көлікпен немесе жаяу жол жүру
<b>Суайдын</b>	судың жиналған және сақталатын жері
<b>Сусын</b>	шөлді қандыратын сұйық өнім
<b>Сүйікті іс</b>	адамға ұнайтын іс
<b>Тағам</b>	жейтін, ішетін өнім
<b>Тазалық</b>	кірдің болмауы
<b>Таңдау</b>	көптеген нұсқаның ішінен бір шешімді қабылдау
<b>Тәртіп</b>	белгілі бір ережеге сәйкес келетін іс-әрекеттер

<b>Тиын</b>	ақша ретінде қолданылатын, белгілер мен нышандардың бейнесі бар металл кесегі
<b>Ту</b>	белгілі бір түсті маталардан жасалған, мемлекеттік нышанды білдіретін рәміздік бейнелері бар ұзын сапты жалау; байрақ
<b>Тұсбағдар</b>	көкжиек тұстарын анықтауға арналған құрал
<b>Ұлттық тағам</b>	әр халықтың дәстүрлі тағамы
<b>Үңгір</b>	жердің астындағы немесе таудағы сыртқа шығатын жері бар тереңдік, кеңістік
<b>Фольклор, ауыз әдебиеті</b>	халық ауыз әдебиетінің туындысы (аңыз, ертегі, мақал-мәтелдер және т.б.)
<b>Шартты белгілер</b>	әртүрлі нысандарды бейнелеу үшін қолданылатын белгілер
<b>Эмоция</b>	сезім